

## Салық тіркелімдерінің нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 қарашадағы № 1311 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 685 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 685 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 77-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының

**Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отыраған:

1) инвестициялық салық преференцияларын қолдану бойынша салық тіркелімінің нысаны;

2) тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық теңгерімдерін айқындау және тіркелген активтер бойынша кейінгі шығыстар бойынша салық тіркелімінің нысаны;

3) туынды қаржы құралдары бойынша салық тіркелімінің нысаны;

4) резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі шегерімге жатқызған басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстарының сомалары бойынша салық тіркелімінің нысаны;

5) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5-1) табыстарды есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны;

5-2) сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны;

5-3) жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындағы табыстар жөніндегі салық міндettемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндettемелерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны;

5-4) қоршаган ортаға эмиссия үшін төлемақы мен жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық міндettемелерін

есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысаны;

6) Салық тіркелімдерінің нысандарын жасау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі осы қаулыдан туындастын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

Қазақстан

Үкіметінің

2011

жылғы

9

қарашадағы

№

1311

қаулысымен

бекітілген

нысан

*К. Мәсімов*

Республикасы

## **Инвестициялық салық преференцияларын қолдану бойынша салық тіркелімі**

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Салық төлеушінің атауы \_\_\_\_\_

4. Салық кезеңі: жыл \_\_\_\_\_

## **Инвестициялық преференциялар бойынша шегерімдер**

(тенге)

P/c №	Преференция объектісінің (негізгі құралдар) атауы	Негізгі құрал (ол болған жағдайда) пайдалануға енгізілген күн	Келісімшарттың (ол болған жағдайда) нөмірі мен күні	Преференция берілген кезең	Преференция объектісінің (негізгі құралдың) және (немесе) салық шегерімге жатқызылуы тиіс	Преференция объектісінің (негізгі құралдар) және (немесе) кезеңде шегерімге жатқызылған жаңартуға, жаңғыртуға, жеткен жаңарту шығыстардың
-------	---	---	---	----------------------------	---	---

					a, жаңғыртуға шығыстар құны	ға, жаңғыртуға шығыстар құны	қалдық құны (6-баған – 7-баған)
1	2	3	4	5	6	7	8
Жиыны (жол тек нысандың қорытындысы бойынша толтырылады)							

(Басшының (салық төлеушінің) Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(Бас бухгалтердің Т. А.Ә., қолы)

(Салық тіркелімін жасауға жауапты адамның Т.А.Ә., қолы)

(Салық тіркелімі жасалған күн)

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

9

қарашадағы

№

1311

қаулысымен

бекітілген

нысан

**Тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық тенгерімдерін айқындау және тіркелген активтер бойынша кейінгі шығыстар бойынша салық тіркелімі**

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы \_\_\_\_\_

4. Салық кезеңі: жыл \_\_\_\_\_

**Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар және басқа да шегерімдер**

(тенге)

Фимараттар, күрілістар (мұнай, газ ұнғымалары

P/c №	Кұндық көрсеткіштер мен шегерімдердің атаяу	мен беріліс күрылғыларын қоспағанда)	Тіркелген активтердің қалған топтары	Тіркелген активтер бойынша барлығы
1	2	3	4	5
1	Салық кезеңінде басына кіші топтардың (топтардын) құндық тенгерімі			
2	Кіші топтардың (топтардын) түскен тіркелген активтерінің құны			
3	Кіші топтардың (топтардын) шығып қалған тіркелген активтерінің құны			
4	Шегеруге жататын кейінгі шығыстар			
5	Кіші топтардың (топтардын) құндық тенгерімін ұлғайтуға жататын кейінгі шығыстар			
6	Салық кезеңінде соына кіші топтардың (топтардын) құндық тенгерімі			
7	Амортизациялық аударымдар			
8	Барлық тіркелген активтер шығарылған кезде топтардың (II, III, IV) құндық тенгерімінің шамасы			
9	Кіші топтардың (топтардын) 300 айлық есептік көрсеткіштен аз құндық тенгерімінің шамасы			
10	Салық кезеңінде соында түзетулерді ескере отырып, кіші топтардың (топтардын) құндық тенгерімі			

**Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар мен басқа да шегерімдердің толық жазылуы**

(тенге)

ҚР АК КЕК-не			Салық кезеңінде	Кіші топтардың
-----------------	--	--	-----------------	----------------

P/c №	сәйкес тіркелген активтердің коды	Топ №	Амортизациялық аударымдардың шекті нормасы (%)	Амортизациялық аударымдардың қолданылатын нормалары (%)	басындағы кіші топтардың топтардың) құндық тенгерімі	Кіші топтардың (топтардың) түскен тіркелген активтерінің құны	топтардың тіркелген шағын қалғ активтеріні құны
1	2	3	4	5	6	7	8

Фимараттар, күрылыштар (мұнай, газ ұнғымалары мен беріліс күрылғыларын қоспағанда)

ЖИЫНЫ (жол тек нысанның қорытындысы бойынша  
толтырылады):

Тіркелген активтердің қалған топтары

ЖИЫНЫ (жол тек нысанның қорытындысы бойынша  
толтырылады):

### кестенің жалғасы

Шегерімге жататын кейінгі шығыстар	Кіші топтардың (топтардың) құ ндық тенгерімін ұлғайтуға жататын кейінгі шығыстар	Салық кезең інің соңына к і ш і топтардың ( топтардың) құндық тен герімі	Амортизациялық аударымдар	Барлық тіркелген активтер шығ арылған кезде топтардың (II, III,IV) құндық тенгерімінің шамасы	Кіші топтардың ( топтардың) 300 айлық есептік көрсеткіштен аз құндық тен герімінің шамасы	Салық кезеңін соңындағы түзетулерді ескере отыры шағын топты топтардың) ндық тенгерімі
9	10	11	12	13	14	15

Фимараттар, күрылыштар (мұнай, газ ұнғымалары мен беріліс күрылғыларын қоспағанда)

Тіркелген активтердің қалған топтары

### Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар

(теңге)

P/c №	ҚР АК Қ ЕК-не сә йкес тіркелген активтерді н коды	Енгізу күні	Топ №	Амортизациялық аударымдардың шекті нормасы (%)	Амортизациялық аударымдардың қолданылатын нормалары (%)	Амортизациялық аударымдардың қосарланған нормалары (%)	Түскен тіркелген активтерді н сомасы	Амортизацияны н қосарланған норма шегінде шегерімге жататын амортизациялық аударымдар ( %)	Tіркелге активтер, н қалды құны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

ЖИЫНЫ (жол тек нысанның қорытындысы бойынша толтырылады):

(Басшының (салық төлеушінің) Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(Бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

(Салық тіркелімін жасауға жауапты адамның) Т.А.Ә., қолы)

(Салық тіркелімі жасалған күн)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 9 қарашадағы  
№ 1311 қаулысымен  
бекітілген  
нысан

## Тұынды қаржы құралдары бойынша салық тіркелімі

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | | |

3. Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы \_\_\_\_\_

4. Салық кезеңі: жыл \_\_\_\_\_

## Свопты қоспағанда, тұынды қаржы құралдары бойынша операциялар

(теңге)

P/ с №	контрагенттің атауы	контрагенттің ЖСН/БСН-і	резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі	хеджирлеу ( қолданылады/ қолданылмайды )	базалық активті жеткізу ( қолданылады/ қолданылмайды )	келісім шарттың ашылу күні	келісімшарт тың орындалу немесе мерзімінен бұрын тоқтатылу күні	тұынды қаржы құралдары бойынша түсімдер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

ЖИЫНЫ (жол нысанның қорытындысы бойынша ғана толтырылады)

## Своп бойынша операциялар

(теңге)

P/c №	контрагенттің атауы	контрагенттің ЖСН/БСН-і	резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеу нөмірі	хеджирлеу қолданылады/ қолданылмайды	( базалық активті жеткізу қолданылады/ қолданылмайды )	( с о п бойынша түсім )	своп бо шығыст
1	2	3	4	5	6	7	8
ЖИЫНЫ (жол нысанның қорытындысы бойынша ғана толтырылады)							

(басшының (салық төлеушінің) Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

(салық тіркелімін жасауға жауапты адамның Т.А.Ә., қолы)

(салық тіркелімі жасалған күн)

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

9

қарашадағы

№

1311

қаулысымен

бекітілген

нысан

**Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі шегерімге жатқызған басқаруушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомалары бойынша салық тіркелімі**

Ескерту. Нысанға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
3. Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы \_\_\_\_\_
4. Салық кезеңі: жыл \_\_\_\_\_

**Резидент емес-заңды тұлғаның қаржы есептілігінің деректері**

	Тұтас алғандағы	Тұтас алғанда персоналдың		Шығыстардың жалпы сомасы,
--	--------------------	------------------------------	--	------------------------------

P/c №	Валюта коды	жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы	еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстардың жалпы сомасы	Тұтас алғанда негізгі құралдардың бастапқы ағымдағы) құны	Тұтас алғанда негізгі ( құралдардың тенгерімдік құны	соның ішінде басқарушылық жән жалпыәкімшілік шығыстар
1	2	3	4	5	6	7
2	KZT					
3						

## Резидент емес занды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің қаржы есептілігінің деректері

P/c №	Валюта коды	Резидент емес занды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі арқылы қызметтің жүзеге асырудан алған жылдық жиынтық табысының сомасы	Тұрақты мекеме персоналдың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстардың жалпы сомасы	Тұрақты мекеменің негізгі құралдардың бастапқы (ағымдағы) құны	Тұрақты мекеменің негізгі құралдардың тенгерімдік құны	Шығыстардың жалпы сомасы, соң ішінде тұрақты мекемеге шегерімг жатқызылатын басқарушылық жән жалпы әкімшілік шығыстар
1	2	3	4	5	6	7
2	KZT					
3						

## Басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың жалпы сомасын баптар бойынша таратып жазу

P/c №	Шығыстар баптарының атауы	Резидент емес занды тұлға шығыстарының сомасы		Тұрақты мекеме шығыстарының сомасы	
		Ұлттық валютада	ш е т е л валютасында	Ұлттық валютада	ш е т е л валютасында
1	2	3	4	5	6
1	Әкімшілік персоналға жататын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстар				
2	Әкімшілік басқару аппаратын ұстауга шығыстар				
3	Басқарудың техникалық құралдарын, байланыс торабын, дабыл құралдарын және өндіріске жатпайтын басқа да басқарудың техникалық құралдарын				

	ұстауға және қызмет көрсетулерге жұмсалған шығыстар			
4	Жалпышаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардың амортизациясына жұмсалған шығыстар			
5	Банктің қызметіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстар			
6	Әкімшілік басқару персоналының іссапар шығыстары			
7	Байланыс қызметтеріне ақы төлеуге жұмсалған шығыстар			
8	Өкілдік шығыстар			
9	Жалпышаруашылық мақсаттағы негізгі құралдарды жалға алу бойынша шығыстар			
10	Коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге жұмсалған шығыстар			
11	Кенсе тауарларын ақы төлеуге жұмсаған шығыстар			
12	Мұліктен, жылжымайтын мұліктен салықтар, алымдар және аударымдар			
13	Консультациялық қызметтерге ақы төлеуге жұмсалған шығыстар			
14	Аудиторлық қызметтерге төлеуге жұмсалған шығыстар			
15	Ақпараттық қызмет көрсетулерін төлеуге жұмсалған шығыстар			
16	Қызметкерлер еңбегін қорғауға шығыстар, субъектіні қорғауға, өртке қарсы қорғауға шығыстар және басқа да жалпышаруашылық сипаттағы шығыстар			
	Өзгелер:			
17	Жиыны (жол тек нысанның қорытындысы бойынша ғана толтырылады)			

(Басшының (салық төлеуші) Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(Бас бухгалтердің Т.А.Ә., қолы)

(Салық тіркелімін жасауға жауапты адамның Т.А.Ә., қолы)

(Салық тіркелімі жасалған күн)

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 9 қарашадағы  
№ 1311 қаулысымен  
бекітілген  
нысан

**Көрсетілген тауарларды сауда объектілерінде, оның ішіндеге сауда базарларында өткізууді жүзеге асыратын салық төлеушілер сатып алған тауарлар бойынша салық тіркелімі**

Ескерту. Нысан алдынап тасталды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 9 қарашадағы  
№ 1311 қаулысымен  
бекітілген  
нысан

**Табыстарды есепке алу бойынша салық тіркелімі**

Ескерту. Қаулы нысанмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

1. ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

2. Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы \_\_\_\_\_

3. Кезең: ай \_\_\_\_\_ жыл \_\_\_\_\_

**1. Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі**

(теңге)

P/c №	күні	бір күн ішінде алынган табыс сомасы	бір күн ішіндегі табысты түзету мөлшері (+, -)
1	2	3	4

Тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтерді көрсетуден түсетін табыс

	Бір ай үшін жиыны:	
	Салық кезеңі үшін жиыны:	
	Басқа табыс түрлері	
	Бір ай үшін жиыны:	
	Салық кезеңі үшін жиыны:	

**2. Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі**

(теңге)

P/c №	өткізу/салым құны	мүліктің/салымның бастапқы құны	он айырма (2 топ -)
1	2	3	4

Бір айдың жиыны:  
Салық кезеңі үшін жиыны:

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(салық тіркелімін жасауға жауапты адамның Т.А.Ә., қолы)

(салық тіркелімі жасалған күн)

Қазақстан

Республикасы

Y к i м e t i n i n

2011

жылғы

9

қарашадағы

№

1311

қаулысымен

бекітілген

Нысан

**Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді есепке алу бойынша салық тіркелімі**

Ескерту. Қаулы нысанмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.07.2014 № 802 қаулыларымен.

1 .      Ж С Н     

2. Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы \_\_\_\_\_

3. Кезең: \_\_\_\_\_ жыл: \_\_\_\_\_  
(тенге)

P/c №	Жеткізушиңің Т.А.Ә. немесе атауы	Жеткізушиңің ЖСН/БСН, жеткізушиңің ЖСН/БСН көрсету мүмкіндігі болмаған кезде, жеткізушиңің мынадай деректерінің біреуін көрсету қажет: жеке қуәлігінің немесе паспортының нөмірі, мекенжайы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру немесе тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу орны	шот-фактура немесе бастапқы құжат		тауар күнының жины	оның ішінде ҚҚС сомасы
			нөмірі	жазып берілген күн	КҚС-ты ескере отырып	
1	2	3	4	5	6	7

Бір айдың жиыны:

Салық кезеңіндегі жиыны:

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(салық тіркелімін жасауға жауапты адамның Т.А.Ә., қолы)

(салық тіркелімі жасалған күн)

Қазақстан

Республикасы

Үкіметіндік

2011

жылғы

9

қарашадағы

№

1311

қаулысымен

бекітілген

нысан

**Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындағы табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетакы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі**

## **міндеттемелерді есепке алу бойынша салық тіркелімі**

Ескеरту. Қаулы нысанмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## 1 . ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | | | | |

2. Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атаяуы \_\_\_\_\_

3. Кезең: \_\_\_\_\_ жыл:

## кестенің жалғасы

есепті ай үшін төленген табыстар	ай соңында төленбекен табыстар бойынша берешек	әлеуметтік салық есептелетін жұмыс берушілердің шығыстары	әлеуметтік салықтың есептелген сомасы	әлеуметтік аударымдардан есептелетін табыстар	төлеуге жататын әлеуметтік аударымдар сомасы
13	14	15	16	17	18

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(салық тіркелімін жасауға жауапты адамның Т.А.Ә., қолы)

(салық тіркелімі жасалған күн)

## Қазақстан

## Y k i m e t i h i h

2011

ЖЫЛҒЫ

## Республикасы

9

## қарашадағы

No

1311

## Қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Нысан

Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мен қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық міндеттемелерін есепке алу бойынша  
салық тіркелімі

Ескеरту. Қаулы нысанмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. ЖСН/БСН | | | | | | | | | | | | | | | | | |

2. Салық төлеушінің Т.А.Ә. немесе атауы

3. Кезең: жыл:

## Коршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы бойынша салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар

## Бір ай шілін жиыны.

## Салық кезеңіндең жиыны:

## Кестенің жалғасы

белгіленген лимиттен артық накты көлем			төлем жиыны	сомасының
көлемі	төлем мөлшерлемесі	төлем мөлшерлемесі		
12	13	14	15	

# **Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемекі бойынша салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар**

р/ с №	с у пайдаланудың арнайы түрі	рұқсат күжаты		өлшем бірлігі	белгіленген лимит	лимиттің күзыретіне су пайдаланудың нақты көлемі			белгіленген лимиттен ə пайдаланудың нақты кө	
		нөмірі	берілген күні			көлемі	төлем мөлшерлемесі	төлем сомасы	көлем	төлем мөлшерлемесі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Бір ай үшін жиыны:

Салық кезеңі үшін жиыны:

(дара кәсіпкердің Т.А.Ә., қолы, мөрі)

(салық тіркелімін жасауға жауапты адамның Т.А.Ә., қолы)

(салық тіркелімі жасалған күн)

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

9

қарашадағы

№

1311

қаулысымен

бекітілген

## **Салық тіркелімінің нысандарын жасау қағидалары**

**Ескеरту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 458 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Салық тіркелімінің нысандарын жасау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексіне) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - қолданысқа енгізу туралы Зан) сәйкес әзірленген және салық тіркелімдерін жасау тәртібін айқындайды.

2. Салық тіркелімдері салық төлеушінің салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері туралы ақпаратты қамтиды.

3. Салық тіркелімдері салық есептілігінің нысаны табыс етілетін салық кезеңі үшін салық есептілігінің нысанымен бір мезгілде толтырылады.

4. Салық тіркелімінде салық төлеуші туралы жалпы мәліметтер көрсетіледі:

1) ЖСН/БСН - салық төлеушінің жеке сәйкестендіру немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі.

Жеке сәйкестендіру (бизнес-сәйкестендіру) нөмірі «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес толтырылуы тиіс;

2) салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе атауы;

3) салық тіркелімінің нысаны жасалатын салық кезеңі;

4) басшының (салық төлеушінің) немесе оны алмастыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және оның қолы қойылып, салық төлеушінің мөрі басылады;

5) салық төлеушінің бас бухгалтерінің (бар болса) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және оның қолы қойылады;

6) лауазымды немесе салық тіркелімін толтырған және жасауға жауапты өзге адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және оның қолы қойылады;

7) салық тіркелімі жасалған күн қойылады.

5. Сомалардың теріс мәні белгілі бір бағаның тиісті жолында «←→» алу белгісімен белгіленеді.

6. Салық тіркелімдері құжаттық тексеру жүргізу кезінде тексеруді жүзеге асыратын салық қызметі органдарының лауазымды адамдарының талабы бойынша салық қызметі органдарының лауазымды адамдарына қағаз тасығыштарда және (немесе) электронды тасығыштарда ұсынылады.

7. Көрсеткіштер болмаған кезде салық тіркелімінің тиісті торкөздері толтырылмайды.

## **2. Инвестициялық салық преференцияларын қолдану бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау**

8. Осы инвестициялық салық преференцияларын қолдану бойынша салық тіркелімінің нысаны шегерімге жатқызылуы тиіс преференция объектілерінің құнын айқындауға арналған.

9. «Инвестициялық преференциялар бойынша шегерімдер» кестесінде:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - преференция объектісінің (негізгі құралдың) атауы;

3) 3-бағанда - негізгі құралды (ол болған жағдайда) пайдалануға енгізу күні;

4) 4-бағанда - «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2009 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған

инвестициялық жоба шеңберіндегі келісімшарттың нөмірі мен күні;

5) 5-бағанда - жасасқан келісімшартқа сәйкес инвестиция беру кезеңінің (жылдының) басталу және аяқталу кезеңдері;

6) 6-бағанда - преференция объектісінің (негізгі құралдың) және (немесе) шегерімге жатқызылуы тиіс қайта құруға, жаңғыртуға жұмсалған шығыстар құны. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

7) 7-бағанда - преференция объектісінің (негізгі құралдың) және (немесе) салық кезеңінде шегерімге жатқызылған қайта құруға, жаңғыртуға жұмсалған шығыстар құны. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

8) 8-бағанда - преференция объектісінің (негізгі құралдың), және (немесе) келесі салық кезеңінде 6-бағанның тиісті жолдарына көшірілуі тиіс, тиісті жолдардың 6 және 7-бағандарында көрсетілген шамалардың айырмасы ретінде айқындалатын преференциялар қолданысының мерзімі ішіндегі қайта құруға, жаңғыртуға жұмсалған шығыстардың қалдық құны көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады.

10. Егер салық тіркелімінде қате деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателіктердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің 2, 3, 4 немесе 5-бағандарында қателіктер табылған жағдайда қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер қате бір немесе бірнеше бағанда жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде көрсетілген бағандардың барлығының деректемелері көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің 6, 7 немесе 8-бағандарында қателіктер табылған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің 2, 3, 4 және 5-бағандарында салық тіркелімінің 2, 3, 4 және 5-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің 6, 7 немесе 8-бағандарында салық тіркелімінің 6, 7 немесе 8-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша анықталған айырма сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің 6, 7 немесе 8-бағандарының мәндерін азайтуға

бағытталған өзгерістер енгізу кезінде анықталған айырма сомасы қосымша салық тіркелімінің 6, 7 немесе 8-бағандарында «-» алу белгісімен көрсетіледі;

3) салық тіркеліміне қосымша тіркелген актив енгізу қажет болған жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтырулар енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соғы жолдың нөмірінен кейінгі жолдың нөмірі көрсетілуі

қ а ж е т .

11. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

12. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша

н е г і з д е м е :

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу се б е п т е р і ;

2) негізгі құралды (ол болған жағдайда) пайдалануға енгізу күні;

3) келісімшарттың (ол болған жағдайда) нөмірі мен күні;

4) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

5) жазбаша негізденін жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

### **3. Тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық тенгерімдерін айқындау және тіркелген активтер бойынша кейінгі шығыстар бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау**

13. Осы салық тіркелімінің нысаны Салық кодексіне сәйкес салық салу мақсатында тіркелген активтер топтарының (кіші топтарының) құндық тенгерімдерін және тіркелген активтер бойынша кейінгі шығыстарды айқындауға арналған .

14. «Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар мен басқа да шегерімдер»

к е с т е с і н д е :

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - құндық көрсеткіштер мен тіркелген активтер бойынша шегерімдердің атауы ;

3) 3-бағанда - осы салық тіркелімінің нысанында көзделген «Амортизациялық аударымдар мен тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдердің толық жазылуы» кестесінің қорытынды деректері негізінде толтырылатын ғимараттар, құрылыштар (мұнай, газ ұнғымаларын және беру құрылғыларын қоспағанда) бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған көрсеткіштер;

4) 4-бағанда - «Амортизациялық аударымдар мен тіркелген активтер

бойынша басқа да шегерімдердің толық жазылуы» кестесінің қорытынды деректері негізінде толтырылатын тіркелген активтердің қалған топтары бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған көрсеткіштер;

5) 5-бағанда - тіркелген активтер бойынша шегерімдерді көрсетуге арналған қорытынды көрсеткіштер көрсетіледі. Тиісті 3 және 4-бағандардың жиынтығы р е т і н д е айқындалады.

15. «Амортизациялық аударымдар мен тіркелген активтер бойынша басқа да шегерімдердің толық жазылуы» кестесінде:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - «Негізгі қорлардың жіктеушісі» Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеушіне сәйкес тіркелген активтердің I тобы бойынша негізгі құралдардың коды немесе Салық кодексіне сәйкес салық төлеуші ол бойынша амортизациялық аударымдарды есептейтін тіркелген активтердің II, III және IV топтары бойынша топтың атауы;

3) 3-бағанда - Салық кодексіне сәйкес амортизациялық аударымдарды есептеу үшін тіркелген активтер тобының нөмірі;

4) 4-бағанда - Салық кодексіне сәйкес процентпен амортизацияның шекті нормасы;

5) 5-бағанда - әрбір кіші топ (топ) бойынша, бірақ 4-бағанда көрсетілген шектен жоғары емес процентпен салық төлеуші қолданатын амортизация нормасы;

6) 6-бағанда - әрбір салықтық кіші топ (топ) бойынша салық кезеңінің басына кіші топтың (топтың) құндық теңгерімінің шамасы көрсетіледі. Осы бағаның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық тиісті шамаларды жиынтықтау арқылы ғимараттар, құрылыштар бойынша және тіркелген активтердің қалған топтары бойынша қорытынды жолдарда айқындалады;

7) 7-бағанда – Салық кодексіне сәйкес айқындалған тіркелген активтердің құны. Көрсетілген негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құны Салық кодексіне сәйкес айқындалады. Осы бағаның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық тиісті шамаларды жиынтықтау арқылы ғимараттар, құрылыштар бойынша және тіркелген активтердің қалған топтары бойынша қорытынды жолдарда айқындалады;

8) 8-бағанда – шығарылған тіркелген активтердің Салық кодексіне сәйкес айқындалған құны көрсетіледі. Осы бағаның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық тиісті шамаларды жиынтықтау арқылы ғимараттар, құрылыштар бойынша және тіркелген активтердің қалған топтары бойынша қорытынды жолдарда айқындалады;

9) 9-бағанда - Салық кодексінің 122-бабына сәйкес шегерімге жатқызылатын кейінгі шығыстар сомасы;

10) 10-бағанда - Салық кодексінің 122-бабы 3-тармағына сәйкес топтың (кіші топтың) құндық теңгерімінің ұлғауына жатқызылатын кейінгі шығыстар сомасы;

11) 11-бағанда - Салық кодексіне сәйкес есепті салық кезеңінің соына кіші топтың құндық теңгерімінің шамасы, ол мынадай тәртіппен айқындалады: 6-баған + 7-баған - 8-баған + 10-баған. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық тиісті шамаларды жиынтықтау арқылы ғимараттар, құрылыстар бойынша және тіркелген активтердің қалған топтары бойынша қорытынды жолдарда айқындалады;

12) 12-бағанда - Салық кодексіне сәйкес мынадай тәртіппен есептелген салық кезеңі үшін амортизациялық аударымдар сомасы: 11-баған x 5-баған;

13) 13-бағанда - топтардың (II, III және IV) тіркелген активтері құндық теңгерімінің шамасы, салық кезеңінің соына тіркелген активтерді шығару кезінде Салық кодексіне сәйкес шегерімге жатады;

14) 14-бағанда - шамасы есепті салық кезеңінің соына 300 айлық есептік көрсеткіштен аз соманы құрайтын және Салық кодексіне сәйкес шегерімге жататын кіші топтың (топтың) құндық теңгерімі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық тиісті шамаларды жиынтықтау арқылы ғимараттар, құрылыстар бойынша және тіркелген активтердің қалған топтары бойынша қорытынды жолдарда айқындалады;

15) 15-бағанда - Салық кодексінде көзделген түзетулер ескеріле отырып, салық кезеңінің соына кіші топтың құндық теңгерімі көрсетіледі, ол мынадай тәртіппен айқындалады: 11-баған - 12-баған - 13-баған - 14-баған.

Кіші топтың (I топ бойынша) тіркелген активтері өтеусіз берілген жағдайды қоспағанда, тиісті кіші топтың құндық теңгерімі мөлшеріндегі сома I топтың тіркелген активтерінің шығындары деп есептеледі. Осы кіші топтың теңгерімінің құны салық кезеңінің соына нөлге теңеледі және шегерімге жатқызылмайды.

Кіші топтың (I топ бойынша) немесе топтың (II, III және IV топтар бойынша) тіркелген активтерінің барлығы өтеусіз берілген жағдайда тиісті кіші топтың немесе топтың құндық теңгерімі салық кезеңінің соына нөлге теңеледі және шегерімге жатқызылмайды. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық тиісті шамаларды жиынтықтау арқылы ғимараттар, құрылыстар бойынша және тіркелген активтердің қалған топтары бойынша қорытынды жолдарда айқындалады.

16. «Қазақстан Республикасы аумағында пайдалануға алғаш енгізілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар» кестесінде (Салық

кодексінде көзделген шарттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланушы болып табылатын салық төлеушілер толтырады):

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - «Негізгі қорлардың жіктеуіші» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында алғаш пайдалануға енгізілген тіркелген активтердің коды;

3) 3-бағанда - тиісті тіркелген активтің Қазақстан Республикасы аумағына пайдалануға енгізілу күні;

4) 4-бағанда - Салық кодексіне сәйкес тіркелген активтер тобының нөмірі;

5) 5-бағанда - Салық кодексіне сәйкес амортизацияның шекті нормалары проценттерде;

6) 6-бағанда - әрбір тіркелген активтердің атауы бойынша процентпен, бірақ 5-бағанда көрсетілген шектерден жоғары емес салық төлеуші қолданатын амортизация нормасы;

7) 7-бағанда - Салық кодексінің 120-бабы 6-тармағына сәйкес салық төлеуші қолданатын, 6-бағаның шамасын тиісті жолдың «2» көбейтіндісі ретінде айқындалатын амортизацияның екі еселенген нормалары;

8) 8-бағанда - Қазақстан Республикасы аумағында пайдалануға алғаш енгізілген және салық төлеуші жылдық жиынтық табыс алу мақсатында пайдаланатын келіп түскен тіркелген активтердің құны. Осы бағаның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолдарда айқындалады;

9) 9-бағанда - Салық кодексіне сәйкес кемінде үш жыл жылдық жиынтық табыс алу мақсатында тіркелген активтердің деректерін пайдалану шартымен, тиісті жолдардың 7 және 8-бағандарында көрсетілген шамалардың көбейтіндісі ретінде айқындалатын амортизацияның екі еселенген нормасы бойынша есептелген амортизациялық аударымдардың сомасы көрсетіледі. Осы бағаның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолдарда айқындалады;

10) 10-бағанда - салық кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет пайдалануға берілген және жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын, 8 және 9-бағандарының айырмасы ретінде айқындалатын тіркелген активтердің қалдық құны. Келесі салық кезеңінде осы бағаның деректері салық салу мақсатында амортизация аударымдарын есептеу үшін тиісті кіші топтың (топтың) құндық теңгеріміне енгізілуге тиіс және келесі салық кезеңінің салық тіркелімі «Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар мен басқа да шегерімдердің толық жазылуы» кестесінің тиісті 7-

бағанына көшіріледі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолдарда айқындалады;

11) 11-бағанда - пайдаланудың үш жылдық кезеңі өткенге дейін сатылған жағдайда тиісті тіркелген активтің шығарылған күні көрсетіледі.

17. Егер салық тіркелімінде қате деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінде тиісті бағандардың тиісті деректемелері мен көрсеткіштері, сондай-ақ салық тіркелімі кестелерінің жиынтық мәні бағандардың өзгерген көрсеткіштеріне байланысты болатын бағандарының деректері көрсетіледі. Бұл ретте қосымша салық тіркелімінде салық тіркелімінің «Тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар мен басқа да шегерімдердің толық жазылуы» кестесінің өзгермелеген 2, 3, 4 және 5-бағандарының және (немесе) «Қазақстан Республикасы аумағына алғаш пайдалануға енгізілген тіркелген активтер бойынша амортизациялық аударымдар» кестесінің өзгермелеген 2, 3, 4, 5, 6 және 11-бағандарының деректемелері де көрсетіледі.

Салық тіркелімінің кестелері бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізу кезінде қосымша салық тіркелімінің тиісті мәндеріне «-» алу б е л г і с і қ о л д а н ы л а д ы .

Салық тіркеліміне тіркелген активтердің өзгеруін қосымша енгізген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 15-16-тармақтарына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қ а ж е т .

18. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

19. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын ж а з б а ш а н е г і з д е м е :

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу с е б е п т е р і ;

2) тіркелген актив тобының нөмірі және салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

3) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

#### **4. Туынды қаржы құралдары бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау**

20. Салық тіркелімінің осы нысаны Салық кодексіне сәйкес кіріске енгізуге жататын туынды қаржы құралдары бойынша табысты айқындауға арналған.

21. «Свопты қоспағанда, туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесінде :

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда - контрагенттің атауы;

3) 3-бағанда - контрагенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

4) 4-бағанда - резидент еместің резиденттік еліндегі салықтық тіркеуінің нөмірі ;

5) 5-бағанда - хеджирлеу «қолданылады» не «қолданылмайды» мәліметі;

6) 6-бағанда - базалық активті жеткізу «қолданылады» не «қолданылмайды» мәліметі ;

7) 7-бағанда - келісімшарттың ашылу күні;

8) 8-бағанда - келісімшарт қолданысының орындалу немесе мерзімінен бұрын тоқтатылу күні ;

9) 9-бағанда - Салық кодексінің 127-бабына сәйкес туынды қаржы құралдары бойынша түсімдер сомасы. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

10) 10-бағанда - Салық кодексінің 127-бабына сәйкес туынды қаржы құралдары бойынша шығыстар сомасы. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;

11) 11-бағанда - тиісті жолдардың 9 және 10-бағандарында көрсетілген шамалардың айырмасы ретінде айқындалатын артып кету сомасы. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады.

22. «Своп бойынша операцияларда»:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда - контрагенттің атауы;

3) 3-бағанда - контрагенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

4) 4-бағанда - резидент еместің резиденттік еліндегі салық тіркеуінің нөмірі;

5) 5-бағанда - хеджирлеу «қолданылады» не «қолданылмайды» мәліметі;

6) 6-бағанда - базалық активті жеткізу «қолданылады» не «қолданылмайды» мәліметі ;

7) 7-бағанда - Салық кодексінің 128-бабына сәйкес своп бойынша түсім сомасы. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолдарда айқындалады ;

8) 8-бағанда - Салық кодексінің 128-бабына сәйкес своп бойынша шығыстар сомасы. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолдарда айқындалады ;

9) 9-бағанда - тиісті жолдардың 7 және 8-бағандарында көрсетілген шамалардың айырмасы ретінде айқындалатын артып кету сомасы көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолдарда айқындалады .

23. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады .

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесінің 2, 3, 4, 5, 6, 7 немесе 8-бағандарында және (немесе) «Своп бойынша операциялар» кестесінің 2, 3, 4, 5, немесе 6-бағандарында қателер анықталған жағдайда, қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер бір немесе бірнеше бағандарда қателер жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде барлық көрсетілген бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімі нысанының «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесінің 9, 10 немесе 11-бағандарында және «Своп бойынша операциялар» кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында қателер анықталған жағдайда :

қосымша салық тіркелімінің «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесінің 2, 3, 4, 5, 6, 7 немесе 8-бағандарында салық тіркелімінің «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесі 2, 3, 4, 5, 6, 7 немесе 8-бағандарының деректемелері көрсетіледі ;

қосымша салық тіркелімінің «Своп бойынша операциялар» кестесінің 2, 3, 4,

5 немесе 6-бағандарында салық тіркелімінің «Своп бойынша операциялар» кестесі 2, 3, 4, 5 немесе 6-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесінің 9, 10 немесе 11-бағандарында салық тіркелімінің «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесі 9, 10 немесе 11-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша айқындалған сома көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің «Своп бойынша операциялар» кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында салық тіркелімінің «Своп бойынша операциялар» кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша айқындалған сома көрсетіледі.

Салық тіркелімінің «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесі 9, 10 немесе 11-бағандарының мәндерін және «Своп бойынша операциялар» кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің «Свопты қоспағанда туынды қаржы құралдары бойынша операциялар» кестесі 9, 10 немесе 11-бағандарында және «Своп бойынша операциялар» кестесінің 7, 8 немесе 9-бағандарында айқындалған айырма сомасы «->» алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 31-32-тармақтарына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

24. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

25. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;

2) контрагент салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

## 5. Резидент емес заңды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі шегерімге жатқызған басқарушылық және

## **жалпыәкімшілік шығыстарының сомалары бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау**

26. Осы салық тіркелімі нысаны тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылатын, шығыстарды барабар бөлу әдісі бойынша анықтайтын резидент емес занды тұлғаның басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстарының сомаларын көрсетүгे арналған.

27. «Резидент емес занды тұлғаның қаржы есептілігі деректері» (оның басқа мемлекеттердегі құрылымдық бөлімшелерінің деректерін қоса алғанда) кестесінде, оның қаржы есептілігінде көрсетілген тұтас алғандағы резидент емес занды деректері:

тұлғаның деректері:  
1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - валютаның коды көрсетіледі. 2-бағанда деректер ұлттық валютада толтырылады. 2-бағаның 3-жолында «Кеден декларацияларын толтыру үшін пайдаланатын жіктеуіштер туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі - Шешім) бекітілген «Валюталар жіктеушісінің» 23-қосымшасына сәйкес валюталардың коды көрсетіледі;

3) 3-бағанда - тұтас алғанда жылдық жиынтық табыстың жалпы сомасы;  
4) 4-бағанда - тұтас алғанда персоналдың еңбегіне ақы төлеу бойынша сомасы;

5) 5-бағанда - тұтас алғанда негізгі қорлардың бастапқы (ағымдағы) құны;  
6) 6-бағанда - тұтас алғанда негізгі қорлардың теңгерімдік құны;  
7) 7-бағанда - шығыстардың жалпы сомасы, соның ішінде басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстары көрсетіледі.

28. «Резидент емес занды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің қаржы есептілігі деректері» кестесінде резидент емес занды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің қаржы деректері:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - валютаның коды көрсетіледі. 2-бағанда деректер ұлттық валютада толтырылады. 2-бағаның 3-жолында Шешімнің «Валюталар жіктеушісінің» 23-қосымшасына сәйкес валютаның коды көрсетіледі;

3) 3-бағанда - резидент емес занды тұлғаның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесі арқылы қызметін жүзеге асырудан алынған жылдық жиынтық табысның сомасы;

4) 4-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес занды тұлғаның тұрақты мекемесі персоналдың еңбегіне ақы төлеу бойынша шығыстарының жалпы сомасы;

5) 5-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің негізгі қорларының бастапқы (ағымдағы) құны;

6) 6-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің негізгі қорларының баланстық құны;

7) 7-бағанда - шығыстардың жалпы сомасы, соның ішінде Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемеге шегерімге жатқызылатын басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстары көрсетіледі.

29. «Басқарушылық және жалпыәкімшілік шығыстардың жалпы сомасы баптар бойынша таратып жазу» кестесінде резидент емес заңды тұлғаның және оның Қазақстан Республикасындағы тұрақты мекемесінің қаржы есептілігінен д е р е к т е р :

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда - шығыстар баптарының атауы;

3) 3-бағанда – Қазақстан Республикасында табыс алуға бағытталған тұрақты мекеменің қызметіне байланысты резидент емес заңды тұлға шығыстарының сомасы (оның басқа мемлекеттердегі құрылымдық бөлімшелерінің деректерін қоса алғанда) ұлттық валютада.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады ;

4) 4-бағанда - Қазақстан Республикасында табыс алуға бағытталған тұрақты мекеменің қызметіне байланысты резидент емес заңды тұлға шығыстарының сомасы (оның басқа мемлекеттердегі құрылымдық бөлімшелерінің деректерін қоса алғанда) шет ел валютасында.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады ;

5) 5-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің шығыстары ұлттық валютада көрсетіледі.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады ;

6) 6-бағанда - Қазақстан Республикасындағы резидент емес заңды тұлғаның тұрақты мекемесінің шығыстары шет ел валютасында.

Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңі ішінде салық тіркелімінің осы бағанында көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады .

30. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетілген жағдайда, қателерді түзеу салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе)

толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркелімінің кестелері бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізу кезінде қосымша салық тіркелімінің тиісті мәндеріне «-» алу белгісі қолданылады.

Салық тіркеліміне қосымша енгізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 27-29-тармақтарына сәйкес жасалады.

Бұл ретте «Басқарушылық және жалпы әкімшілік шығыстардың жалпы сомасын баптар бойынша таратып жазу» кестесіне қосымша шығыстардың баптары енгізілген жағдайда мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

31. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

32. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі. негіздеме:

- 1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;
- 2) өзгерістер енгізілетін салық тіркелімі жолының нөмірі;
- 3) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

## **6. Табыстарды есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау**

33. Осы салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 77-бабы 4-1-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлердің табыстарының есебі бойынша операцияларды көрсету ге арналған.

34. Салық тіркелімі «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» және «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі» деген екі кестені құрайды.

35. «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінде:  
1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

- 2) 2-бағанда – табыстан алынған немесе табысқа түзету жүргізілген күн;
- 3) 3-бағанда – бір күн ішінде алынған табыстың сомасы;
- 4) 4-бағанда – Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес жүргізілген бір күн ішіндегі табысты түзету мөлшері көрсетіледі.

Жұмыс күнінің соңына қорытынды шығара отырып, 3 және 4-бағандардың қорытынды шамасы хронологиялық тәртіппен толтырылады. Салық кезеңіндегі айдың соңында салық кезеңіндегі ай, салық кезеңі үшін қорытынды деректер шығады.

Кестенің әр жолы тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан, қызметтер көрсетуден түсетін табыстар бойынша Салық кодексінің 427-бабы 3 және 4-тармақтарына сәйкес табыстардың басқа түрлері бойынша Салық кодексінің 427-бабы 6-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларына сәйкес толтырылады.

36. «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі» кестесінде:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда – дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті (жарғылық капиталға) өткізу құны. Осы бағаның қорытынды шамасы ай, салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;
- 3) 3-бағанда – дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүліктің немесе жарғылық капиталдың бастапқы құны көрсетіледі. Осы бағаның қорытынды шамасы ай, салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;
- 4) 4-бағанда – (2-баған - 3-баған) формуласы бойынша айқындалатын 2-баған мен 3-бағаның оң айырмасының сомасы көрсетіледі. Осы бағаның қорытынды шамасы ай салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады.

37. Салық тіркеліміне Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес бұрын танылған табыстары түзетілген (алғашқы есеп құжаттары болған жағдайда) жағдайда өзгеріс және (немесе) толықтыру жүргізіледі және салық тіркелімі нысанын жасау жолымен қателер жіберілген кезде оның өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін салық тіркелімінің (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) жолдарының нөмірлері көрсетіледі және толтырылады.

Бұл ретте, Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағында көрсетілген жағдайлар басталған салық кезеңінде табыстарға түзетулер жүргізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі жасалмайды.

38. Бұрын табыстарға түзету жүргізілуге тиіс деп танылған салық кезеңінде Салық кодексінің 427-бабы 8-тармағына сәйкес табысты түзету жүзеге асырылған жағдайда, салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу

мынадай

тәртіппен

жүргізіледі:

1) қосымша салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 1 және 2-бағандарында «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 1 және 2-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

2) қосымша салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 3 және 4-бағандарында салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 3 және 4-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру бойынша анықталған айырманың деректемелері көрсетіледі.

Бұл ретте, анықталған айырманың деректемелері толық түзетілген соңғы күнге дейін көрсетіледі.

39. Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 1 және 2-бағандарында қателер анықталған жағдайда қосымша салық тіркелімінде түзетілген тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте егер бір немесе бірнеше бағандарда қате жіберілген жағдайда қосымша салық тіркелімінде барлық көрсетілген барлық бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 3 және 4-бағандарында және «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі» кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 1 және 2-бағандарында салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 1

және 2-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

салық тіркелімінің қосымша нысанының «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 3 және 4-бағандарында салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 3 және 4-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

салық тіркелімінің қосымша нысанының «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі» кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі» кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында көрсетілген сомалармен салыстыру арқылы анықталған айырманың сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 3 және 4-бағандары мен «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі» кестесінің 2, 3 және 4-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операцияларды қоспағанда, табыстар бойынша операциялар есебі» кестесінің 3 және 4-бағандарында және «Дара кәсіпкердің негізгі құралы болып табылатын мүлікті жарғылық капиталға өткізу немесе беру бойынша операциялар есебі» кестесінің 2, 3 және 4-бағандарында анықталған айырма сомасы «->» алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 35 және 36-тармақтарына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

40. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

41. Қосымша салық тізіліміне қосымша салық тізілімін жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме:

- 1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;
- 2) контрагент салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;
- 4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

## **7. Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысандарын жасау**

42. Осы салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 77-бабы 4-1-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлердің сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операцияларды көрсетуіне арналған.

43. «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінде:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
  - 2) 2-бағанда - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуінің тегі, аты, әкесінің аты немесе атауы;
  - 3) 3-бағанда - тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуінің жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі), тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуінің жеке сәйкестендіру нөмірін (бизнес-сәйкестендіру нөмірін) көрсету мүмкіндігі болмаған кезде, оның мынадай деректерінің біреуін көрсету қажет: жеке күелігінің немесе паспортының нөмірі, мекенжайы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асуы немесе тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу орны;
  - 4) 4 және 5-бағанда - тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алуға негіз болып табылатын алғашқы құжаттың (жүккүжат, қабылдау-беру актісі, көрсетілген қызметтің, орындалған жұмыстың актісі, шот-фактура, шарт және басқалары) нөмірі және күні;
  - 5) 6-бағанда - қосылған күн салығының сомасын есепке ала отырып тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің күны көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңінің күн, ай ішінде осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады;
  - 6) 7-бағанда - қосылған күн салығының сомасы көрсетіледі. Осы бағанның қорытынды шамасы салық кезеңінің күн, ай ішінде осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау арқылы соңғы жолда айқындалады.
- Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.07.2014 № 802 қаулысымен.**
44. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетілген жағдайда,

қателерді түзету тізілімнің тек өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін тізілім (бұдан әрі - қосымша салық тіркелімі) нысанын жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізу жіберілген қателіктердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3, 4 немесе 5-бағандарында қателер анықталған жағдайда, қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте, егер бір немесе бірнеше бағандарда қате жіберілген жағдайда, қосымша салық тіркелімінде көрсетілген барлық бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 6 және 7-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3, 4 немесе 5-бағандарында салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3, 4 немесе 5-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 6 және 7-бағандарында салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесі 6 және 7-бағандарында көрсетілген сомамен салыстыру арқылы айқындалған айырманың сомасы көрсетіледі.

Салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 6 және 7-бағандарының мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің «Сатып алынған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 6 және 7-бағандарында анықталған айырма сомасы «-> алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 43-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

45. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

46. Қосымша салық тіркеліміне салық тіркелімінің қосымша нысанын

жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негізде:

- 1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу себептері;
- 2) контрагент салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;
- 4) жазбаша негізденін жасалған күні көрсетіле отырып қоса беріледі.

**8. Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау**

47. Осы салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 77-бабы 4-1-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлердің жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операцияларын көрсетуге арналған.

48. «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесіндегі:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда – табыс есептелген қызметкердің немесе жеке тұлғаның тегі, әкесінің аты;
- 3) 3-бағанда - табыс есептелген және төлем жүргізілген қызметкердің немесе жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі);
- 4) 4-бағанда – ай басында қызметкерге немесе жеке тұлғаға төленбеген табыстар бойынша берешек сомасы;
- 5) 5-бағанда - қызметкердің немесе жеке тұлғаның есепті ай үшін есептелген табыстарының сомасы;
- 6) 6-бағанда – қызметкердің немесе жеке тұлғаның салуға жатпайтын табыстарының сомасы;
- 7) 7-бағанда - қызметкердің немесе жеке тұлғаның табысынан салық

8) 8-бағанда – қызметкердің немесе жеке тұлғаның есепті ай үшін міндетті зейнетақы жарналары ұсталатын табысының сомасы;

9) 9-бағанда – жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы;

10) 10-бағанда – қызметкердің немесе жеке тұлғаның есепті ай үшін жеке табыс салығы салынатын табысының сомасы;

11) 11-бағанда – есепті ай үшін бюджетке төлеуге жататын төлем көзіне салынатын жеке табыс салығының сомасы;

12) 12-бағанда – есепті ай үшін төлеуге табыс сомасы;

13) 13-бағанда - есепті ай үшін төленген табыстар сомасы;

14) 14-бағанда – ай соңында төленбеген табыстар бойынша берешек сомасы;

15) 15-бағанда – есепті ай үшін әлеуметтік салық есептелетін орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін табыстар түріндегі қызметкерге төленетін жұмыс беруші шығыстарының сомасы;

16) 16-бағанда - есептелген әлеуметтік салық сомасы;

17) 17-бағанда – есепті ай үшін әлеуметтік аударымдар есептелетін қызметкердің немесе жеке тұлғаның табыстарының сомасы;

18) 18-бағанда – есепті ай үшін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударуға жататын әлеуметтік аударымдар сомасы;

19) 19-бағанда – есепті ай үшін төлеуге жататын (16-баған – 18-баған), формуласы бойынша айқындалатын әлеуметтік салық сомасы көрсетіледі.

Осы кестенің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарының қорытынды шамасы ай, салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау жолымен соңғы жолда айқындалады.

49. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректер көрсетуге жол берілген жағдайда, қателерді түзету салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе ) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі – қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады .

Салық тіркеліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жіберілген қателердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осында табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2 және 3-бағандарында қателер анықталған жағдайда, қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл

ретте, егер бір немесе бірнеше бағандарда қате жіберілген жағдайда, қосымша салық тіркелімінде көрсетілген барлық бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2 және 3-бағандарында салық тіркелімінің «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2 және 3-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарында салық тіркелімінің «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарында көрсетілген сомамен салыстыру арқылы анықталған айырманың сомасы көрсетіледі.

«Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндеттемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарына бағандардың мәнін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізілген кезде қосымша салық тіркелімінің «Жеке тұлғалардың төлем көзінен салық салынатын табыстарын, осындай табыстар жөніндегі салық міндеттемелерін, барлық

салықтар мен аударымдарды қоса алғанда, міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды есепке алу жөніндегі міндettемелерді есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандарында анықталған айырма сомасы «-» алы белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 48-тармағына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қ а ж е т .

50. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

51. Қосымша салық тіркеліміне:

1) салық тіркеліміне өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың енгізілу с е б е п т е р і ;

2) контрагенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру н е м і р і ;

3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;

4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып, қосымша салық тіркелімінің нысанын жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме қоса беріледі .

## **9. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін және жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жөніндегі салықтық міндettемелерді есепке алу бойынша салық тіркелімінің нысанын жасау**

52. Осы салық тіркелімінің нысаны Салық кодексінің 77-бабы 4-1-тармағында көрсетілген дара кәсіпкерлердің жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы бойынша салық міндettемелерін есепке алу бойынша операцияларды көрсетуіне арналған.

53. Салық тіркелімі «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы жөніндегі салық міндettемелерін есепке алу бойынша операциялар» және «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жөніндегі салық міндettемелерін есепке алу бойынша операциялар» деген екі кестеден тұрады.

54. «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы жөніндегі салық міндettемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінде:

- 1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;
- 2) 2-бағанда – қоршаған ортаға эмиссиялардың атауы (ластағыш заттардың шығарындылары, төгінділері, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру);
- 3) 3 және 4-бағандарда - жылжымалы көздерден шығатын ластағыш заттардың шығарындыларын қоспағанда, рүқсат құжаттың нөмірі және берілген күні ;
- 4) 5-бағанда - ластағыш заттардың, отындардың, қалдықтардың немесе күкірттің түрі ;
- 5) 6-бағанда - ластағыш заттардың шығарындыларының, төгінділерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың өлшем бірлігі;
- 6) 7-бағанда - белгіленген лимиттердің шегіндегі ластағыш заттардың шығарындыларының, төгінділерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың нақты көлемі ;
- 7) 8-бағанда - Салық кодексінің 495-бабы 9-тармағын ескере отырып, ластағыш заттардың шығарындыларына, төгінділеріне, өндіріс және тұтыну қалдықтарының орналастырылуына, күкірттерге байланысты белгіленген лимиттердің шегінде төлемақы есептеу үшін белгіленген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы ;
- 8) 9-бағанда - Салық кодексінің 495-бабы 7-тармағына сәйкес белгіленген коэффициент ;
- 9) 10-бағанда - 9-бағанда көрсетілген коэффициент қолданыла отырып, қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы көрсетіледі. Егер көрсетілген коэффициент қолданылмаған жағдайда, 10-бағанда 8-бағанда көрсетілген ставка көрсетіледі ;
- 10) 11-бағанда - 10-бағанның мәніне көбейтілген 7-бағанның сомасы ретінде айқындалатын, белгіленген лимит шегінде ластағыш заттардың шығарындыларының, төгінділерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың нақты көлемінен есептелген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы ;
- 11) 12-бағанда - белгіленген лимиттен жоғары ластағыш заттардың шығарындыларының, төгінділерінің, өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырудың нақты көлемі ;
- 12) 13-бағанда – Салық кодексінің 495-бабы 9 және 10-тармақтарын ескере отырып, ластағыш заттардың шығарындыларына, төгінділеріне, өндіріс және тұтыну қалдықтарының орналастырылуына байланысты белгіленген лимиттен жоғары төлемақы есептеу үшін анықталған қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ставкасы ;
- 13) 14-бағанда - 13-бағанның мәніне көбейтілген 12-бағанның сомасы ретінде айқындалатын, ластағыш заттардың шығарындыларына, төгінділеріне, өндіріс

және тұтыну қалдықтарының орналастырылуына байланысты белгіленген лимиттен жоғары нақты көлемнен есептелген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы ;

сомасы ;

14) 15-бағанда - 11-бағанның сомасы + 14-бағанның сомасы ретінде айқындалатын белгіленген лимит шегінде және белгіленген лимиттен жоғары есептелген қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы сомасы көрсетіледі.

Осы кестенің 7, 11, 12, 14 және 15-бағандарының қорытынды шамасы ай, салық кезеңі үшін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау жолымен соңғы жолда айқындалады.

55. «Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінде:

1) 1-бағанда - жолдың реттік нөмірі;

2) 2-бағанда – Қазақстан Республикасының су заңнамасымен белгіленетін арнағы суды пайдалану түрі;

3) 3 және 4-бағандарда – рұқсат құжатының нөмірі және берілген күні;

4) 5-бағанда - арнағы су пайдаланудың өлшем бірлігі;

5) 6-бағанда – уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген су пайдалану лимиті;

6) 7-бағанда - уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген лимиттің шегіндегі су пайдаланудың нақты көлемі;

7) 8-бағанда – уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген лимит шегінде белгіленген жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы ;

8) 9-бағанда – 8-бағанның мәніне көбейтілген 7-баған сомасы ретінде айқындалатын, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген белгіленген лимит шегінде есептелген жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ;

сомасы ;

9) 10-бағанда – уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген белгіленген лимиттен жоғары су пайдаланудың нақты көлемі;

10) 11-бағанда – Салық кодексінің 487-бабы 10-тармағын ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген белгіленген лимиттен жоғары жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкасы;

11) 12-бағанда – 11-бағанның мәніне көбейтілген 10-бағанның сомасы ретінде айқындалатын, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген белгіленген лимиттен жоғары жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ;

12) 13-бағанда – осы кестенің 9-бағанының сомасы + 12-бағанының сомасы ретінде айқындалатын, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген лимит шегінде және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген лимиттен жоғары есептелген жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы сомасы

## көрсетіледі.

Осы кестенің 6, 7, 9, 10, 12 және 13-бағандарының қорытынды шамасы ай, салық кезеңі ушін осы бағанда көрсетілген барлық шамаларды жиынтықтау жолымен соңғы жолда айқындалады.

56. Егер салық тіркелімінде дұрыс емес деректерді көрсетуге жол берілген жағдайда, қателерді түзету салық тіркелімі жолдарының тек өзгеріс және (немесе ) толықтыру енгізілетін нөмірлері ғана толтырылатын және көрсетілетін салық тіркелімінің нысанын (бұдан әрі – қосымша салық тіркелімі) жасау жолымен жүзеге асырылады.

Салық тіркеліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жіберілген қателердің сипатына қарай мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) салық тіркелімінің «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3, 4 және 5-бағандарында және «Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланған үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3 және 4-бағандарында қателер анықталған жағдайда қосымша салық тіркелімінде тиісті деректемелер көрсетіледі. Бұл ретте , егер бір немесе бірнеше бағанда қате жіберілген жағдайда, қосымша салық тіркелімінде көрсетілген барлық бағандар бойынша деректемелер көрсетіледі;

2) салық тіркелімінің «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарында немесе «Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланған үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-бағандарында қателер анықталған жағдайда:

қосымша салық тіркелімінің «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3, 4 және 5-бағандарында немесе «Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланған үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3 және 4-бағандарында тиісінше салық тіркелімінің «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3, 4 және 5-бағандарының немесе «Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланған үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 1, 2, 3 және 4-бағандарының деректемелері көрсетіледі;

қосымша салық тіркелімінің «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарында немесе «Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланған үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін

есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-бағандарында тиісінше салық тіркелімінің «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14 және 15-бағандарында немесе «Жер үсті су көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы жөніндегі салық міндеттемелерін есепке алу бойынша операциялар» кестесінің 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-бағандарында көрсетілген төлемақы сомасымен және (немесе) ставкасымен салыстыру арқылы анықталған айырма сомасы және (немесе) өзгертілген төлемақы ставкалары көрсетіледі.

Бағандардың мәндерін азайтуға бағытталған өзгерістер енгізу кезінде қосымша салық тіркелімінің анықталған айырма сомасы «-» алу белгісімен көрсетіледі;

3) көрсетілген салық кезеңі үшін салық тіркеліміне толықтыру енгізілген жағдайда, қосымша салық тіркелімі осы Қағидалардың 54 және 55-тармақтарына сәйкес жасалады. Бұл ретте мұндай қосымша салық тіркелімінде толықтыру енгізілетін кезең үшін салық тіркеліміндегі соңғы жолдан кейінгі жолдың нөмірін көрсету қажет.

57. Егер бұрын қосымша салық тіркелімдері жасалған салық тіркеліміне қосымша салық тіркелімі жасалса, онда соңғысы бұрын ұсынылған қосымша салық тіркелімдері ескеріле отырып жасалады.

58. Қосымша салық тіркелімінен:  
1) салық тіркеліміне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу себептері;  
2) контрагенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) салық тіркелімінің өзгерістер енгізілетін жолдарының нөмірлері;  
4) жазбаша негіздеменің жасалған күні көрсетіле отырып, қосымша салық тіркелімінің нысанын жасаған адамдар қол қоятын және салық төлеушінің мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылатын жазбаша негіздеме қоса беріледі